

ISSN 2224-5294

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің

Х А Б А Р Л А Р Ы

ИЗВЕСТИЯ

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
Қазақстан Республикасының
педагогикалық университетінің

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
Abay Kazakh National
Pedagogical University

SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

4 (332)

JULY – AUGUST 2020

PUBLISHED SINCE JANUARY 1962

PUBLISHED 6 TIMES A YEAR

ALMATY, NAS RK

Б а с р е д а к т о р

фил. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі
Қажыбек Е.З.

Р е д а к ц и я а л қ а с ы:

эк. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Баймұратов У.Б.**; филос. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Есім Г.Е.**; фил. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Қирабаев С.С.**; эк. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Қошанов А.К.**; филос. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Нысанбаев А.Н.**; заң ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Сәбікенов С.Н.**; заң ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Сүлейменов М.К.**; эк. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Сатыбалдин С.С.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Әбжанов Х.М.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Әбусейтова М.Х.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Байтанаев Б.А.**; филол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Жақып Б.А.**; фил. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Қалижанов У.К.**; филол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Қамзабекұлы Д.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Қожамжарова Д.П.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Қойгелдиев М.К.**; фил. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Құрманбайұлы Ш.**; тарихи ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Таймағанбетов Ж.К.**; социол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Шәукенова З.К.**; фил. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Дербісәлі А.**; саяси ғ. докторы, проф., **Бижанов А.К.**, тарих ғ. докторы, проф., **Кабульдинов З.Е.**

Р е д а к ц и я к ең с і:

Молдова Республикасының ҰҒА академигі **Белостечник Г.** (Молдова); Әзірбайжан ҰҒА академигі **Велиханлы Н.** (Азербайджан); Тәжікстан ҰҒА академигі **Назаров Т.Н.** (Тәжікстан); Молдова Республикасының ҰҒА академигі **Рошка А.** (Молдова); Молдова Республикасының ҰҒА академигі **Руснак Г.** (Молдова); Әзірбайжан ҰҒА корр. мүшесі **Муратов Ш.** (Әзірбайжан); Әзірбайжан ҰҒА корр. мүшесі **Сафарова З.** (Әзірбайжан); эк. ғ. докторы, проф. **Василенко В.Н.** (Украина); заң ғ. докторы, проф. **Устименко В.А.** (Украина)

«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Хабарлары. Қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар сериясы».

ISSN 2224-5294

Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ (Алматы қ.).

Қазақстан республикасының Мәдениет пен ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде 30.04.2010 ж. берілген № **10894-Ж** мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік.

Мерзімділігі: жылына 6 рет.

Тиражы: 500 дана.

Редакцияның мекенжайы: 050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28; 219, 220 бөл.; тел.: 272-13-19, 272-13-18
<http://soc-human.kz/index.php/en/arhiv>

© Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы, 2020

Типографияның мекенжайы: «NurNaz GRACE», Алматы қ., Рысқұлов көш., 103.

Главный редактор

доктор филол. н., проф., член-корр. НАН РК

Қажыбек Е.З.

Редакционная коллегия:

докт. экон. н., проф., академик НАН РК **У.Б. Баймуратов**; докт. филос. н., проф., академик НАН РК **Г.Е. Есим**; докт. фил. н., проф., академик НАН РК **С.С. Кирабаев**; докт. экон. н., проф., академик НАН РК **А.К. Кошанов**; докт. филос. н., проф., академик НАН РК **А.Н. Нысанбаев**; докт. юр. н., проф., академик НАН РК **С.Н. Сабикенов**; докт. юр. н., проф., академик НАН РК **М.К. Сулейменов**; докт. экон. н., проф., академик НАН РК **С.С. Сатубалдин**; докт. ист. н., проф., академик НАН РК **Х.М. Абжанов**; докт. ист. н., проф., чл.-корр. НАН РК **М.Х. Абусейтова**; докт. ист. н., проф., академик НАН РК **Б.А. Байтанаев**; докт. фил. н., проф., чл.-корр. НАН РК **Б.А. Жакып**; докт. филол. н., проф., академик НАН РК **У.К. Калижанов**; докт. фил. н., проф., академик НАН РК **Д. Камзабекулы**; докт. ист. н., проф., академик НАН РК **Д.П. Кожамжарова**; докт. ист. н., проф., академик НАН РК **М.К. Койгельдиев**; докт. филол. н., проф., академик НАН РК **Ш. Курманбайулы**; докт. ист. н., проф., чл.-корр. НАН РК **Ж.К. Таймаганбетов**; докт. социол. н., проф., чл.-корр. НАН РК **З.К. Шаукенова**; докт. филол. н., проф., академик НАН РК **А. Дербисали**; доктор политических наук, проф., **Бижанов А.К.**; доктор ист. наук, проф., **Кабульдинов З.Е.**

Редакционный совет:

академик НАН Республики Молдова **Г. Белостечник** (Молдова); академик НАН Азербайджанской Республики **Н. Велиханлы** (Азербайджан); академик НАН Республики Таджикистан **Т.Н. Назаров** (Таджикистан); академик НАН Республики Молдова **А. Рошка** (Молдова); академик НАН Республики Молдова **Г. Руснак** (Молдова); чл.-корр. НАН Азербайджанской Республики **Ш. Мурадов** (Азербайджан), член-корр. НАН Азербайджанской Республики **З. Сафарова** (Азербайджан); докт. экон. н., проф. **В.Н. Василенко** (Украина); докт. юр. н., проф. **В.А. Устименко** (Украина)

Известия Национальной академии наук Республики Казахстан. Серия общественных и гуманитарных наук.

ISSN 2224-5294

Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы).

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации и архивов Министерства культуры и информации Республики Казахстан № **10894-Ж**, выданное 30.04.2010 г.

Периодичность 6 раз в год.

Тираж: 500 экземпляров.

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28; ком. 219, 220; тел. 272-13-19, 272-13-18

<http://soc-human.kz/index.php/en/arhiv>

© Национальная академия наук Республики Казахстан, 2020.

Адрес типографии: «NurNaz GRACE», г. Алматы, ул. Рыскулова, 103.

Chief Editor

doctor of philology, prof, corresponding member of NAS RK

Kazhybek E.Z.

Editorial board:

Doctor of economics, prof, academician of NAS RK **Baimuratov U.B.**; doctor of philosophy, prof, academician of NAS RK **Esim G.E.**; doctor of philology, prof, academician of NAS RK **Kirabayev S.S.**; doctor of economics, prof, academician of NAS RK **Koshanov A.K.**; doctor of philosophy, prof, academician of NAS RK **Nyssanbayev A.N.**; doctor of law, prof, academician of NAS RK **Sabikenov S.N.**; doctor of law, prof, academician of NAS RK **Suleymenov M.K.**; doctor of economy, prof, academician of NAS RK **Satybaldin S.S.**; doctor of history, prof, academician of NAS RK **Abzhanov H.M.**; doctor of history, prof, corresponding member of NAS RK **Abuseitova M.H.**; doctor of history, prof, academician of NAS RK **Baitanaev B.A.**; doctor of philology, prof, corresponding member of NAS RK **Zhakyp B.A.**; doctor of philology, prof, academician of NAS RK **Kalizhanov U.K.**; doctor of philology, prof, academician of NAS RK **Hamzabekuly D.**; doctor of history, prof, academician of NAS RK **Kozhamzharova D.P.**; doctor of history, prof, academician of NAS RK **Koigeldiev M.K.**; doctor of philology, prof, academician of NAS RK **Kurmanbaiuly Sh.**; doctor of history, prof, academician of NAS RK **Taimaganbetov J.K.**; doctor of sociology, prof, corresponding member of NAS RK **Shaukenova Z.K.**; doctor of philology, prof, academician of NAS RK **Derbisali A.**; doctor of political science, prof **Bizhanov A.K.**; doctor of History, prof **Kabuldinov Z.E.**

Editorial staff:

Academician NAS Republic of Moldova **Belostechnik.G** (Moldova); Academician NAS Republic of Azerbaijan **Velikhanli N.** (Azerbaijan); Academician NAS Republic of Tajikistan **Nazarov T.N.** (Tajikistan); Academician NAS Republic of Moldova **Roshka A.** (Moldova) Academician NAS Republic of Moldova **Rusnak G.** (Moldova); Corresponding member of the NAS Republic of Azerbaijan **Muradov Sh.** (Azerbaijan); Corresponding member of the NAS Republic of Azerbaijan **Safarova Z.** (Azerbaijan); Associate professor of Economics **Vasilenko V.N.** (Ukraine), Associate professor of Law **Ustimenko V.A.** (Ukraine)

News of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. Series of Social and Humanities.
ISSN 2224-5294

Owner: RPA "National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan" (Almaty).

The certificate of registration of a periodic printed publication in the Committee of information and archives of the Ministry of culture and information of the Republic of Kazakhstan N **10894-Ж**, issued 30.04.2010.

Periodicity: 6 times a year.

Circulation: 500 copies.

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 219, 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19, 272-13-18

<http://soc-human.kz/index.php/en/arhiv>

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2020

Address of printing house: «NurNaz GRACE», 103, Ryskulov str, Almaty.

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

<https://doi.org/10.32014/2020.2224-5294.102>

Volume 4, Number 332 (2020), 51 – 57

УДК 351

МРНТИ 10.01.07

Л.А. Бимендиева¹, Н.Б. Беккайров²^{1,2}Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.E-mail: leila.bimendieva@kaznu.kz; bekkairov.nursultan@gmail.com**ҚАЗАҚСТАННЫҢ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ
СТРАТЕГИЯСЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ: ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖӘНЕ ШЕТЕЛ ТӘЖІРИБЕСІН ҚОЛДАНУ**

Аннотация. Мақалада халықаралық ынтымақтастық Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын жүзеге асырудағы маңызды фактор екені негізделеді. Автордың дамыған мемлекеттердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияларын талдауының нәтижесінде әрбір ел жемқорлықпен күресуді өзінің тарихи, саяси-экономикалық, әлеуметтік ерекшеліктеріне сәйкес дамытқаны анықталады.

Сыбайлас жемқорлықпен халықаралық деңгейде күресуге кедергі болып отырған түрлі себебі анықталып, автор оларды шешу жолдарын атап өтті. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны жүзеге асыру үшін шетелдік тәжірибенің тиімді тәсілдері мен тетіктері қарастырылды.

Түйін сөздер: сыбайлас жемқорлық, ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы, халықаралық ынтымақтастық, жемқорлық мәселелерін шешудің әлемдік тәжірибесі.

Кіріспе. Қоғамға қауіпті сыбайлас жемқорлық ұлттық шекараны елемейді, оның ауқымы халықаралық деңгейге бұрыннан жеткен. Сыбайлас жемқорлықтың өркендеуі үшін қолайлы жағдай ХХ ғасырдың екінші жартысында қалыптасты. «Барлық континенттердегі адам қоғамы жаһандық үдерістерді бастан өткере бастады: дәстүрлі құндылықтардан алшақтау, нарықтық экономика ұстанымдарына бейімделу, постиндустриалды елдердің әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері мен артта қалған «үшінші әлем» арасындағы алшақтықтың ұлғаюы секілді бүкіл әлемдік үдерістерге теріс әсер ететін жаһанданудың факторы – сыбайлас жемқорлық болып саналады» [1]. Халықаралық ынтымақтастық Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясының қалыптасуының маңызды бағыты. Шетелдік әріптестермен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптағы кең ауқымды мәселелерді ашық талқылау сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет жүйесін құруға, нақты бағыттарын айқындауға мүмкіндік береді. Сыбайлас жемқорлықтың халықаралық сипатының жалпыға бірдей танымалдығына қарамастан, әр мемлекет өзінше күресетін мәселе болып қалатынын атап өткен жөн, осы құбылыспен күрес жөніндегі мемлекеттердің күш-жігерін біріктіріп жұмыстары баяу жүріп жатыр, халықаралық және үкіметаралық декларациялар мен келісімшарттар нақты әрекеттерге қарағанда әзірше қағаз жүзінде қалып кетті. Сыбайлас жемқорлықпен халықаралық деңгейде күресудің басты тежеуіші – мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық ахуалы, мемлекетті биліктің дұрыс бөлінбеуі, мемлекеттік деңгейде қарсылық көрсететін сыбайлас жемқорлардан тұратын элиталардың үстем болуы болып саналады.

Қазақстан үшін сыбайлас жемқорлық және онымен күресу аса өзекті. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі шаралар кешенін қамтитын сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиімді стратегияны әзірлеу және жүзеге асыру туралы мәселе бұрынғысынша маңызды күйінде қалды.

Мақаланы жазудағы негізі мақсатымыз сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің шетелдік тәжірибелерінің озық үлгілерін, соның ішінде Шығыс елдерінің жетістікке жеткен стратегияларының элементтерін Қазақстанға сәйкес тұстарын қарастыру және оларды стратегияны жүзеге асыру барысында пайдалану.

Мақаланы жазу барысында контент талдау, тарихи-салыстырмалы талдау және экономикалық аналогия әдістері қолданылды. Әр елдің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясына талдау жасау арқылы Қазақстанға пайдалы тұстарын анықтадық. Соның нәтижесінде ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын жетілдіру үшін шетел тәжірибе өте маңызды деген қорытындыға келдік.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы халықаралық күрес – мемлекеттер атынан олардың органдары, үкіметтік және үкіметтік емес ұйымдары, трансұлттық корпорациялар мен өзге де ұйымдар арасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша қатынастар жүйесі. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты, стратегия мен тактиканы, халықаралық келісімдер мен шарттарды әзірлеуді, оларды мемлекеттердің ішкі заңнамасына енгізуді қамтитын күрделі жүйе. Жаңа қауіп туралы уайымын байқатқан алғашқы мемлекет АҚШ болды. Онда 1977 жылы «сыбайлас жемқорлықтың шетелдік тәжірибесі туралы» заң қабылданады (Foreign Corrupt Practice Act). Уақыт өте келе сыбайлас жемқорлыққа қарсы қозғалыс өзінің саяси және экономикалық дамуы үшін сыбайлас жемқорлық қауіпіне тап болған ондаған елдерді қамтыды. «Бұл зұлымдық тек халықаралық қауымдастықтың күш-жігері арқылы ғана мүмкін екені айқын болды. Бірақ сыбайлас жемқорлық – қарапайым қылмыс емес» [2].

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің халықаралық тәжірибесінің табысқа жетуі бірқатар факторларға байланысты екенін байқаймыз, бірақ тұтастай алғанда, өзіндік «нәтижелік тізбегін» келесідей көрсетуге болады:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің халықаралық тәжірибесі: мемлекеттің және ел азаматтарының сыбайлас жемқорлық проблемаларын ұлттық қауіпсіздікке қатер ретінде сезінуі;

2) осы қауіп-қатердің ішкі және сыртқы аспектілерін, саяси және экономикалық құрамдас бөліктерін ажырату;

3) басқа мемлекеттердің тәжірибесін ескере отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты және тиімді заңнамаларды қалыптастыру және тәуелсіз сот жүйесінің жұмысын қоса алғанда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің нақты қолданыстағы тетігін құру;

4) қоғамда оның жекелеген мүшелері мен әлеуметтік топтарының сыбайлас жемқорлық мінез-құлқын төзбеу және толық қабылдамау жағдайына дейін жетілдіру.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес бойынша оң нәтижені тек үш тараптың бірлескен іс-қимылдары арқылы ғана алуға болады: мемлекеттер, азаматтық қоғам және жалпы халықаралық қоғамдастық. Осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның негізінде келесідей базалық бағыттары бар:

- біріншіден, ел басшылығының мықты саяси ерік-жігері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрудың бірыңғай мемлекеттік саясаты;

- екіншіден, азаматтық қоғам тарапынан мемлекеттік басқарудың барлық жүйесіне тұрақты әлеуметтік бақылау;

- үшіншіден, билік өкілеттігі бар тұлғалардың шын мәнінде тәуелсіз органдардың алдында қатаң есеп беруі, өз кезегінде, қоғамдық мәртебесінің биіктігіне қарамастан, осы тұлғаларды жауапкершілікке тарту бойынша өкілеттіктер берілген.

Айта кету керек, сыбайлас жемқорлықпен процедуралық және институционалдық құралдарды пайдалана отырып күресуге болады. Әлемдік сыбайлас жемқорлыққа қарсы қозғалыс көшбасшыларының бірі – АҚШ. Қазір онда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің халықаралық деңгейдегі кешенді стратегиясы іске асырылуда. Экономикалық реформалауды бағытталған мемлекеттік реттеуді арттыру; мемлекеттік аппарат қызметін қайта құру, бюрократиялық құрылымдарды қысқарту және олардың экономикаға әсерін төмендету; соттардың жұмысын жетілдіру; реформалау коммерциялық заңнама, әсіресе жылжымайтын мүлік, зияткерлік меншік, экология мәселелері жөніндегі ведомстволарлық комиссия құру; азаматтық қоғамды нығайту және тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдарын күшейту; ішкі сыбайлас жемқорлықты жою. Мұндай нормалар көптеген өркениетті елдердің заңнамасында бар. Ұлыбританияда ұсынылған барлық сыйлықтар қызметшінің ресми міндеттерін атқаруына байланысты олардан бас тартылуы тиіс. Рождество сыйлықтар үшін ерекшелік жасалады, егер олар күнтізбелер, жазба кітапшалары, кеңсе заттарына рұқсат етіледі. Француз заңдары мемлекеттік қызметшілер үшін ішінара бақылау немесе жемқорлық себептерімен күресумен қамтамасыз ету. Нидерландының Қылмыстық кодексі сыйлық қабылдайтын төрешілер жауапкершілігін ерекше бөліп көрсеткен: 12 жылға дейінгі мерзімге түрмеге қамау. Сонымен қатар, Канада, Израиль, Жапония, Ирландияда сыбайлас жемқорлықтың

ашық нысандары – паракорлық, бопсалаушылық – Конституцияның бұзылуына және мемлекеттік опасыздық актісіне теңестірілді. Бүгінгі күні, өкінішке орай, халықаралық сарапшылар қауымдастығы мойындап отырғандай, көптеген елдер осы «аурудан» зардап шегуде. Сонымен қатар, экономикалық дамыған елдерде де мұндай үрдіс орын алып отырғанын атап өту көпшілікті алаңдатады. Осыған байланысты Қазақстанға АСЕАН елдерінің тәжірибесі, нақтыласақ Малайзия тәжірибесі өте пайдалы. Малайзияда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша екі орган жұмыс істейді, оның ішінде, ең бастысы сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттік және екіншісі, сыбайлас жемқорлық әрекеттерін тергеу жөніндегі Академия. Осы Академияның міндеті сыбайлас жемқорлықтың себептері мен салдарларына толық ауқымды тергеу жүргізу. Шенеуніктің сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің себептерін анықтау бойынша тергеу жұмыстарын жүргізу тәжірибесі назар аударатын үдеріс. Малайзияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттігі, сондай-ақ оның бөлімшесі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес Академиясының негізгі күш-жігерін алдын-алу шараларына негізделуі – осы залалмен күресудегі жетістіктің бірден бір жолы. Сонымен қатар ойластырылған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны іске асырудың жоғары деңгейде ұйымдастырылуы да маңызды. Малайзия қарқынды дамушы елдердің қатарына кіреді. Малайзияда әкімшілік жемқорлық толықтай жойылды және оған үш бағыт бойынша кешенді саясат жүргізу ықпал етті:

- мемлекеттік қызмет стандарттарын енгізу;
- мемлекеттік қызметшілердің этикалық нормаларын қатаң сақтауы;
- мемлекеттік қызметшілердің жалақысын арттыру.

«Транспаренси Интернейшнл» халықаралық ұйымының зерттеу қорытындысы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша Малайзия 47-орында, Қазақстан 180 елдің ішінде 145-орында тұрғанын көрсетеді. Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып Малайзияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша жекелеген әдістерін Қазақстандық практикада қолдануға толық негіз бар. Өйткені Малайзия көптеген параметрлер мен көрсеткіштер бойынша: халық саны, көпұлттылығы, қоғам мүшелерінің түрлілігі және мемлекеттік аппарат саны бойынша Қазақстанмен сәйкес келеді. Бүгінгі таңда Малайзия тәжірибесіне сүйенген кейбір элементтер қолданылып және ол оң нәтижелерін көрсетуде. Оларға электронды үкімет, «бір терезе қағидатын» жатқызуға болады. Осы орайда Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың 2020 жылғы Қазақстан халқына жолдауына сәйкес, мемлекеттік қызметшілердің санын қысқарту арқылы мемлекеттік қызметшілердің жалақысын арттыру дұрыс шешім екеніне толық негіз бар [3]. Бұл тәжірибе көптеген Еуропа елдерінде де қолданылған, яғни мемлекеттік қызметшілердің жалақысының жоғары болуы оның жоғары деңгейде өмір сүруіне мүмкіндік береді және қосымша табыс көзін қажет етпейді. Сәйкесінше, мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлықпен айналысу қаупі азаяды.

Осы тұста Малайзияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес Академиясының тәжірибесі Қазақстанға да қажет деген көзқарас ұстанамыз. Себебі Академияның басты мақсаты, жемқорлықтың салдарымен емес, алдын алу, болдырмау үшін нақты ұсыныстар мен шешу жолдарын қарастырады. Қазақстан практикасында көптеген іс-шаралар жемқорлыққа тек қылмыс ретінде қарау қалыптасқан. Оның қандай қажеттіліктен пайда болғанын анықтау бойынша нақты тетіктер қарастырылмаған.

Сыбайлас жемқорлықты тек қатаң әдістермен, диктатурамен, репрессиямен жеңуге болады деген пікір бар. Көбінесе мұндай көзқарасты барлық жақтаушылар Қытай тәжірибесін құптайды. Репрессивті шаралар, әрине, жылдам нәтиже бере алады, бірақ осы тұста құқық қорғау органдарының шешім қабылдауға абсолютті құқық алатыны қайтадан сыбайлас жемқорлық көріністерін туындатады. Алайда осы тұста Сингапурдағы Ли Куан Ю ұсынған авторитарлық режимге негізделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес тәжірибесін айта кету керек. Азия құндылықтарының мәні – қауым мүддесі, қоғам, мемлекет мүдделері индивидум мүдделеріне қарағанда әрдайым жоғары. Жалпы алғанда, шығыс елдерінің қоғамы үшін қоғам мүдделерінің басымдығы, қоғам алдындағы жауапкершілігі жоғары болып саналады. Осыған байланысты Сингапур билігінде харизматикалық көшбасшысы, өз халқының патриоты болғаны маңызды рөл атқарды. Халықта басқарушы режимге адал қарым-қатынас жасау арқылы басшылықтың кейбір қатаң шараларының қажеттігін түсінді. Сондай-ақ сингапурлықтардың өз елінің жүзеге асырылып

жатқан стратегияның міндеттеріне деген сенімділігі жоғары деңгейде көрініс тапты, сондықтан олар мемлекеттің ортақ мақсатына жетуге жұмыла кірісті. Сингапур моделінің авторитарлық режимі қолда бар ресурстарды стратегиялық маңызды міндеттерді шешуге жұмылдырып, халықты жақсы өмірге бағыттап, халықтың әл-ауқатының жоғары деңгейін қамтамасыз ете алды [5].

Осы қатаң әдістерге негізделген кейбір тәжірибелерді Қазақстанға да қолдануға болады деп есептейміз. Сингапурдағы секілді жемқорлық қылмысы бойынша ұсталған мемлекеттік қызметшінің отбасын толық бақылауға алу. Мысалы, жемқордың өзін бас бостандығынан айырса, отбасын арнайы оқшау мекемелерінде ұстайды. Қылмыс арқылы келген табысты отбасы мүшелеріне пайдалануға мүмкіндік бермеу – басты себеп болса, екінші себеп – сингапурлықтар үшін отбасы ең үлкен байлық болып саналады. Қазақстан халқы үшін отбасының идеологиялық мәнін құнды екенін ескерсек, мемлекеттік қызмет саласындағы жемқорлардың өзімен қоса отбасын жауапқа тарту – жемқорлардың санының азаюына әсер ететіні сөзсіз.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің шетелдік тәжірибелерін жан жақты талдай келе, әр мемлекеттің өзінің сыбайлас жемқорлықпен күресетін мемлекеттік органы болатыны анықталды. Арнайы мемлекеттік күресуші органдар туралы төмендегі 1-кестеде көрсетілген.

№	Мемлекет	Жемқорлықпен күресетін мемлекеттік орган
1	Қытай	Қоғамдық қауіпсіздік бюросы (ҚҚБ) мемлекеттік басқару қызметкерлеріне қатысты жемқорлық қылмыстарын тергеуге құзырлы. Прокуратураның мемлекеттік қызметкерлерге немесе жеке сыбайластыққа қатысты жемқорлықты тергеу және қылмыстық жауапкершілікке тарту құқығы бар. Индустрия және сауда министрлігі компанияларды жеке паракорлық үшін тергеуге және жазалауға құқылы.
2	Ұлыбритания	SFO (serious fraud office – алаяқтықпен күрес кеңсесі) – паракорлық туралы заңның орындалуына жауап беретін бас прокурор. Жалпы айтқанда, қылмыстық жауапкершілікке тартуды (корпорацияларға немесе жеке тұлғаларға қарсы) анықтау кезінде SFO күдіктіге қатысты дәлелдемелік істі де, қылмыстық қудалау қоғамның мүддесі үшін де қарастырылатын болады.
3	Жапония	Жапондық құқықтық жүйеде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл үшін ерекше жауапкершілік жүктелген нақты реттеуші жоқ. Кез келген прокурор сыбайлас жемқорды айыптай алады.
4	Оңтүстік Африка	Оңтүстік Африкадағы негізгі құқық қорғау органы – Оңтүстік Африканың полиция қызметі (SAPS), бұл сыбайлас жемқорлық әрекеті туралы және қылмыстық іс ашқысы келетін кез келген адамға қоңырау шалудың алғашқы инстанциясы. Сыбайлас жемқорлықты тергеу және қылмыстық жауапкершілікке тарту кезінде қолданылатын басқа органдар: Мемлекеттік органдар, агенттіктер немесе лауазымды адамдар өздерінің этикалық ережелерін немесе мінез-құлық кодекстерін бұзатын, қылмыстық іс болмаса да, сыбайлас жемқорлық туралы шағымдарды қабылдайтын қоғамдық қорғаушы ; Қаражаттың мақсатты түрде пайдаланылуын бақылау үшін барлық мемлекеттік департаменттер мен мемлекеттік мекемелерді тексеретін бас аудитор ; Мемлекеттік қызметшілердің теріс пиғылды басқару, әдепсіздік, заңсыз мінез-құлық немесе қаржылық заңсыздыққа қатысты жеке тұлғалардың шағымдарын қабылдайтын Мемлекеттік қызмет жөніндегі комиссия ; Судьялар қатысатын сыбайлас жемқорлыққа қатысты шағымдарды қабылдайтын және зерттейтін Сот қызметі жөніндегі комиссия ; SAPS және метро полиция қызметтеріне қатысты сыбайлас жемқорлықты қоса, теріс қылықтар туралы арыздарды қарайтын тәуелсіз полиция тергеу басқармасы .
5	Мексика	Мексика заңнамасы мемлекеттік қызметтің Хатшысын тергеуді, әкімшілік жазалауды және сыбайлас жемқорлықты қудалауды ұсынады. Кез келген прокурор сыбайлас жемқорлыққа қатысты тергеуді бастап, жемқор-күдіктіні айыптай алады.
6	Әзірбайжан	Әзірбайжан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Ұлттық комиссиясына мемлекеттік сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатқа қатысу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ұлттық жоспарларының орындалуын бақылау, сыбайлас жемқорлыққа қатысты ақпарат жинау және осыған қатысты ұсыныстар енгізу өкілеттіктері берілген.
7	Қазақстан	Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі жемқорлықпен күресуші мемлекеттік орган. Бұл агенттік тікелей Қазақстан Президентіне есеп береді.

(1-кесте. Ескерту: кесте автордың пайдаланылған әдебиеттеріне сәйкес жасалған)

Көптеген заманауи мемлекеттердің тәжірибесі басқа: мемлекеттік жүйенің барынша ашықтығы, саяси бәсекелес партиялар қоғамда еркін, БАҚ және түрлі тәуелсіз мемлекеттік емес комиссиялардың жауапты жұмысы – сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің оңтайлы нысандары мен әдістері. Кестеде көрсетілген әр мемлекеттің жемқорлықпен күресуші мемлекеттік органы өзіндік ерекшеліктері бар екенін байқадық. Осылардың ішінде Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес стратегиясына Әзірбайжан тәжірибесіндегі жемқорлық қарсы «Ұлттық комиссиясын» енгізуді ұсынар едік. Біріншіден, екі елде посткеңестік мемлекет қатарына кіретін, геосаяси аумағы ұқсас, көршілес орналасқан. Халықтың құрамы мен өмір сүру салты да өте ұқсас. Жоғары көрсетілген факторларға қоса, «Ұлттық комиссияға» берілген өкілеттілік арқасында нақты әрі тиімді нәтижеге қолжеткізіп отыр. «Транспаренси Интернейшнл» халықаралық ұйымының зерттеу қорытындысы бойынша Әзірбайжан соңғы жылдары посткеңестік мемлекеттер арасында жоғары нәтижелерге ие болған.

Қорытынды. Қазақстан Республикасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын қалыптастыру барысында шетел тәжірибесіндегі элементтердің көрініс табуы келесі жұмыстардың нәтижесінде іске асты:

- халықаралық ұйым құрылымдары арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес тақырыптары бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және нәтижелерін практикада тиімдігін анықтау;

- ұлттық заңнаманың халықаралық стандарттарға сәйкестігі және халықаралық ұйымдарға мүшелік ету барысындағы міндеттемелердің орындалуы;

- шетелдік тәжірибені стратегияны жүзеге асыру бағдарламаларында қолдану.

Болжам бойынша шетелдік тәжірибеге негізделген бағыттары:

- сот қудалауына жатпайтын арнайы иммунитеті бар тұлғалардың тізімін қысқарту және дәрежесі мен мәртебесіне қарамастан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарына кінәлілерді жауапкершілікке тарту;

- сыбайлас жемқорлық бойынша құқық бұзушылыққа қатысы бар заңды тұлғаларды жауапкершілікке тарту және мүлкін тәркілеуді қатаң түрде ұйымдастыру;

- сыбайлас жемқорлық фактілерін анықтауға көмектескен тұлғалардың қорғауға қатысты заңнаманы одан әрі жетілдіру және арнайы сыйақылар тағайындау;

- сыбайлас жемқорлықпен күресу барысында азаматтық қоғамының рөлін анықтау үшін арнайы бағдарламаларды жасақтау.

Біздің ойымызша, Шығыс елдерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі тәжірибесі едәуір тиімді болып саналады. Елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мемлекеттік саясаттың басым бағыты болып танылды. Қазақстан ТМД-да алғашқылардың бірі болып "сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" заңды қабылдады, қазіргі кезеңде осы "ауруға қарсы" күрес жалғасуда. Біздің тәжірибемізде Сингапур мен Малайзияның оң тәжірибесінің жекелеген элементтерін қолдану орынды болар еді. Азаматтық қоғам институттарын сыбайлас жемқорлықты жою үдерісіне тартуды жандандыру, мемлекеттік билік органдарының қызметіне азаматтық сана-сезімді жетілдіру және қоғамдық бақылауды арттыру қажет. Мемлекет пен қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі үйлестірілген және ұйымшыл әрекеті тиімділікке қол жеткізуге ықпал ететін болады.

Қорыта келгенде, шетелдік тәжірибе алмасу және бірлескен бағдарламалар аясында әріптестік орнату секілді Қазақстанның іс жүзіндегі қадамдары мемлекеттік сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны түзету үшін де, оны тәжірибеде іске асыру үшін де өте маңызды.

Л.А. Бимендиева¹, Н.Б. Беккайров²

^{1,2} Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ АНТИКОРРУПЦИОННОЙ СТРАТЕГИИ КАЗАХСТАНА: МЕЖДУНАРОДНОЕ СОТРУДНИЧЕСТВО И ПРИМЕНЕНИЕ ЗАРУБЕЖНОГО ОПЫТА

Аннотация. В статье обосновывается, что международное сотрудничество является важным фактором в реализации Антикоррупционной стратегии Республики Казахстан. Борьба с коррупцией является одним из

важнейших стратегических направлений государственной политики Казахстана. Сегодня коррупция считается угрозой, которая напрямую влияет на целостность национальной безопасности. В результате проведенного авторами анализа антикоррупционных стратегий развитых стран определено, что каждая страна самостоятельно развивает антикоррупционную политику в соответствии со своими историческими, политическими, экономическими, социальными особенностями.

На сегодняшний день борьба с коррупцией была объявлена во всех странах высокоприоритетной задачей. Каждая страна систематически демонстрирует свою решимость бороться с коррупцией. Подход к коррупции как с точки зрения институциональной экономики, так и с точки зрения управления может углубить наше понимание причин и моделей коррупции, а также потенциала и успеха реформ. Таким образом, вместо того, чтобы применять поэтапный и разрозненный подход, для его убедительного достижения необходимо поддерживать интенсивно разработанные диагностические инструменты, техническую помощь, программы обучения и стратегии, направленные на снижение коррупции в странах с укоренившейся коррупцией.

Мировой опыт противодействия коррупции дает нам широкие возможности для исследования стратегий и механизмов снижения проявлений коррупции. Мировой опыт борьбы с коррупцией интересен Казахстану, прежде всего, тем, что он очень разнообразен по формам и методам достижения цели.

Были выявлены различные причины, препятствующие борьбе с коррупцией на международном уровне, автор отметил пути их решения. Для реализации Антикоррупционной стратегии Республики Казахстан были рассмотрены эффективные подходы и механизмы зарубежного опыта. Также авторами определены перспективные пути использования зарубежного опыта противодействия и разработаны рекомендации, реализация которых направлена на разрушение коррупционных сетей, развитию добросовестных конкурентных отношений, активизацию борьбы с коррупцией к снижению уровня коррупционных рисков.

Ключевые слова: коррупция, Антикоррупционная стратегия РК, международное сотрудничество, мировой опыт решения проблем коррупции.

L.A. Bimendiyeva¹, N.B. Bekkairov²

^{1,2}Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

THE MAIN DIRECTIONS OF THE ANTI-CORRUPTION STRATEGY OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN: INTERNATIONAL COOPERATION AND THE APPLICATION OF FOREIGN EXPERIENCE

Abstract. The article substantiates that international cooperation is an important factor in the implementation of the Anti-corruption Strategy of the Republic of Kazakhstan. The fight against corruption is one of the most important strategic directions of the state policy of Kazakhstan. Today, corruption is considered a threat that directly affects the integrity of national security. As a result of the analysis of the anti-corruption strategies of developed countries by the authors, it was determined that each country independently develops anti-corruption policies in accordance with its historical, political, economic, social features.

To date, the fight against corruption has been declared a high priority in all countries. Each country systematically demonstrates its determination to fight corruption. The approach to corruption, both in terms of institutional economics and management, can deepen our understanding of the causes and patterns of corruption, as well as the potential, appetite, and success of reforms. Thus, instead of adopting a phased and fragmented approach, to convincingly achieve it, it is necessary to support intensively developed diagnostic tools, technical assistance, training programs and strategies aimed at reducing corruption in countries with deep-rooted corruption.

World experience in combating corruption gives us ample opportunity to study strategies and mechanisms to reduce the manifestations of corruption. The world experience in the fight against corruption is interesting to Kazakhstan, primarily because it is very diverse in forms and methods of achieving the goal.

Various reasons were identified that impeded the fight against corruption at the international level, the author noted ways to solve them. To implement the Anti-Corruption Strategy of the Republic of Kazakhstan, effective approaches and mechanisms of foreign experience were considered. The authors also identified promising ways to use foreign experience of counteraction and developed recommendations that are aimed at destroying corruption networks, developing fair competition, intensifying the fight against corruption and reducing the level of corruption risks.

Keywords: corruption, Anti-corruption strategy of the Republic of Kazakhstan, international cooperation, world experience in solving corruption problems.

Information about authors:

Bimendiyeva L.A., Al-Farabi Kazakh National University, candidate of economic sciences, associated professor, Almaty, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0003-4965-5908>;

Bekkairov N.B., Al-Farabi Kazakh National University, PhD student of state and local government specialty, Almaty, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0001-5029-4156>

REFERENCES

- [1] Akimova N.V. Istoki korruptsii i osobennosti bor'by s ney. [Sources of corruption and features of the fight against it] *Istoriya gosudarstva i prava*. [History of the state and law]. 2008. № 8. p. 85–92. (In Russian).
- [2] Bogush G.I. Korruptsiyaimezhdunarodnoyesotrudnichestvo v bor'be s ney: Avtoref. dis. kand. yurid. nauk. [Corruption and international cooperation in the fight against it: Author. dis. Cand. legal sciences.] M. 2004. 28 p. (In Russian).
- [3] Qazaqstan Respublikasınıń 2015-2025 jıldarǵa arnalǵan sıbaylas jemqorlıqqa qarsı strategiyası turalı Qazaqstan Respublikasınıń Prezidentiniń 2014 jılǵı 26 jeltoqsandaǵı №986 Jarlıǵı. [Decree of the President of the Republic of Kazakhstan dated December 26, 2014 №986 on the Anti-Corruption Strategy of the Republic of Kazakhstan for 2015-2025] URL:<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1400000986>. (In Kazakh).
- [4] Qazaqstan Respublikasınıń Prezidenti Q.Toqayevtiń Qazaqstan xalqına joldaunan «Sındarlı qoǵamdıq dialog – Qazaqstannıń turatqılıǵı men örkendewiniń negizi». 2 qırkúyek 2019 jil. [From the Address of the President of the Republic of Kazakhstan K. Tokayev to the people of Kazakhstan "Constructive public dialogue - the basis of stability and prosperity of Kazakhstan." September 2, 2019.] URL:http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-toqayevyn-kazakistan-halkyna-zholdauy (In Kazakh).
- [5] Korruptsiya v mire. Kakkoryutsya so zlom v Kitaye, GonkongeiSingapore (ch.1) [Corruption in the world. How to fight evil in China, Hong Kong and Singapore (Part 1)] URL: <http://www.corrupcia.net/aboutnews/item-148.html>(In Russian).
- [6] Karin E.T. K voprosuobanaliticheskikhpodkhodakh v izuchenii problem korruptsii. [To the question of analytical approaches to the study of the problem of corruption] *Korruptsiya v Kazakhstane: pod redaktsiyey D.A. Satpayeva* [Corruption in Kazakhstan: edited by D.A. Satpayev.] 2010. Almaty: TsAPI. 48 p. (In Russian).
- [7] Sagieva R.K., Nuraliev M.E. «Ekonomicheskoyelitso» korruptsii [“Economic entity” of corruption] *Vestnik KazNU. Seriya ekonomicheskaya* №3 (85) [Bulletin of KazNU. Economic Series No.3 (85)] 2011. 10-15 p. (In Russian).
- [8] Kurmantayeva L. Sıbaylas jemqorlıqqa qarsı Akademıyaǵa ıssapar turalı esep (Malayziya) [Report on a business trip to the Anti-Corruption Academy (Malaysia)] [Electronic resource]. URL:www.supcourt.kz/upload (In Kazakh).
- [9] Epifanov A.E., Simon A.L. Teoreticheskiye osnovy mekhanizma protivodeystviya korruptsii v otechestvennom prave. [Theoretical bases of the mechanism of anti-corruption in domestic law] *Vestnik Volgogradskogo gosudarstvennogo universiteta. Seriya 5 Yurisprudentsiya* [Bulletin of Volgogradsky State University. Series 5 Jurisprudence]. 2013. № 4 (21). p. 128. 64 (In Russian).
- [10] Reformirovaniye sistemy gosudarstvennogo upravleniya: zarubezhnyy opyti Kazakhstan. Nauchnoy eizdaniye [Reform of the public administration system: foreign experience and Kazakhstan. Scientific publication.]–2005. Almaty: KISS under president of RK. p. 251 (In Russian).
- [11] The Fight Against Corruption A World Bank Perspective. Central America Country Management Unit, Latin American and the Caribbean Region. Stockholm, Sweden, 2009.
- [12] Venard B. Institutions, Corruption and Sustainable Development. *Economics Bulletin*. 2009. № 33(4). P. 2545-2562.
- [13] Bogush G.I. Korruptsiya i mezhdunarodnoye sotrudnichestvo v bor'be s ney: diss. k.yu.n. [Corruption and international cooperation in the fight against it: Diss. Ph. D of law]. M. 2009. p. 50. (In Russian).

**PUBLICATION ETHICS AND PUBLICATION MALPRACTICE
IN THE JOURNALS OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the work described has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the originality detection service Cross Check <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

www.nauka-nanrk.kz

<http://soc-human.kz/index.php/en/arhiv>

Редакторы: *М. С. Ахметова, Д. С. Аленов, А. Ахметова*
Верстка на компьютере *А. М. Кульгинбаевой*

Подписано в печать 11.08.2020
Формат 60x881/8. Бумага офсетная. Печать – ризограф.
21 п.л. Тираж 500. Заказ 4.

Уважаемые авторы научных журналов НАН РК!

Президиумом НАН РК принято решение, в целях повышения международного рейтинга академических изданий, объединить следующие 3 журнала, начиная с № 5 (сентябрь-октябрь), 2020 г., с высокорейтинговыми журналами НАН РК, входящими в международные базы Scopus, WoS и др.:

1. **«Известия НАН РК. Серия биологических и медицинских наук»** объединить с журналом «Доклады НАН РК»;
2. **«Известия НАН РК. Серия аграрных наук»** – «Доклады НАН РК»;
3. **«Известия НАН РК. Серия общественных и гуманитарных наук»** – с журналом «Вестник НАН РК».

Статьи, которые публиковались в журналах «Известия НАН РК. Серия биологических и медицинских наук» и «Известия НАН РК. Серия аграрных наук», впредь будут публиковаться в журнале «Доклады НАН РК», а статьи, публикуемые в журнале «Известия НАН РК. Серия общественных и гуманитарных наук», – в журнале «Вестник НАН РК».

При подаче статей просим указывать название журнала и отрасль науки, согласно представленного перечня (см. ниже) в данном журнале:

I. Научный журнал «Вестник НАН РК» посвящен исследованиям фундаментальной науки (гуманитарные и естественные):

Редакционная коллегия принимает статьи по следующим отраслям науки:

1. Гуманитарные (экономика, юриспруденция, история и археология, политология и социология, философия, филология, педагогика и психология, литературоведение, искусствоведение)
2. Естественные (астрономия, физика, химия, биология, география и технические науки). Примеры технических наук: космонавтика, кораблестроение, машиностроение, системотехника, электротехника, электросвязь, радиоэлектроника, ядерная энергетика и т.д.

Адрес сайта «Вестник НАН РК» – <http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/arhive>

II. Научный журнал «Доклады НАН РК» посвящен исследованиям в области получения наноматериалов, биотехнологии и экологии.

Редакционная коллегия принимает статьи по следующим отраслям науки:

1. Получение наноматериалов в области естественных наук, медицины и сельского хозяйства.
2. Биотехнология в земледелии, растениеводстве и зоотехнике.
3. Общая биология и биотехнология в медицине.
4. Экология.

Адрес сайта «Доклады НАН РК» – <http://reports-science.kz/index.php/en/archive>

Кроме того, в журналах «Известия НАН РК. Серия физико-математическая», «Известия НАН РК. Серия химии и технологий» и «Известия НАН РК. Серия геологии и технических наук» также указаны отрасли науки, по которым будут приниматься научные статьи для экспертизы и дальнейшего опубликования:

III. Научный журнал «Известия НАН РК. Серия физико-математическая» посвящен исследованиям в области математики, физики и информационной технологии.

Редакционная коллегия принимает статьи по следующим отраслям науки:

1. Математика.
2. Информатика.
3. Интеллектуальный анализ данных и распознавание образов.
4. Математическое моделирование социальных и экономических процессов.
5. Механика.
6. Механика машин и роботов.
7. Теория управления и космические исследования.
8. Физика.
9. Ядерная физика.
10. Теоретическая физика.
11. Астрономия.
12. Ионосфера.

Адрес сайта «**Известия НАН РК. Серия физико-математическая**» –

<http://physics-mathematics.kz/index.php/en/archive>

IV. Научный журнал «**Известия НАН РК. Серия химии и технологий**» посвящен исследованиям в области химии и технологий новых материалов.

Редакционная коллегия принимает статьи по следующим отраслям науки:

1. Органическая химия.
2. Неорганическая химия.
3. Высокомолекулярные соединения.
4. Физическая химия (катализ, электрохимия).
5. Технология новых материалов.
6. Технология органических веществ.
7. Технология неорганических веществ.
8. Технология химических удобрений.
9. Технология полимерных и строительных материалов и силикаты.
10. Технология пищевых продуктов.
11. Фармацевтическая химия.

Адрес сайта «**Известия НАН РК. Серия химии и технологии**» –

<http://chemistry-technology.kz/index.php/en/arhiv>

V. Научный журнал «**Известия НАН РК. Серия геологии и технических наук**» посвящен исследованиям в области геологии и технических наук:

Редакционная коллегия принимает статьи по следующим отраслям науки:

1. Геология.
2. Региональная геология.
3. Петрология.
4. Геология нефти и газа.
5. Геология и генезис рудных месторождений.
6. Гидрогеология.
7. Горное дело и геомеханика.
8. Фундаментальные проблемы обогащения минерального сырья.
9. Инженерная геология.
10. Геофизика и сейсмология.
11. География.

Адрес сайта «**Известия НАН РК. Серия геологии и технических наук**» –

<http://www.geolog-technical.kz/index.php/en/archive>